

**2021 жылдың қазан айындағы
ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаменті
нақты сектордың мониторингі басқармасының бастығы
Игорь Осиповтің түсіндірмесі**

Қазан айында елдегі **жылдық инфляция** 8,9%-ды құрап, қыркүйектегі деңгейде сақталды, бірақ инфляция 4 өңірде ғана өзгеріссіз қалды. 7 аймақта инфляция жеделдеп, 6-да баяулады.

Алматы мен Алматы облысы бағаның өсуіне айтарлықтай үлес қосуын жалғастырып келеді. Олардың ТБИ-дегі үлес салмағы – тым жоғары (тиісінше 16,5% және 11,7%).

Түркістан облысында (қыркүйектегі 9,2%-дан қазанда 9,6%-ға дейін) және Солтүстік Қазақстан облысында (8,4%-дан 8,7%-ға дейін) мейілінше тез қарқын алғаны байқалды. Қалған өңірлерде жылдық инфляцияның өзгеруі аса байқала қоймады (+/-0,2%). Жылдық инфляция 7 аймақта жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты: Маңғыстау облысында (9,9%), Қарағанды облысында (9,6%), Түркістан облысында (9,6%), Атырау облысында (9,2%), Ақтөбе облысында (9,2%), Ақмола облысында (9,0%) және Жамбыл облысында (9,0%).

Биылғы қазанда **айлық инфляция** 0,7%-ды (қыркүйекте – 0,4%) құрап, **жеделдей түсті**. Бағаның өсуіне ең көп үлес қосқан – азық-түлік тауарлары (0,31 п.т.) болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың үлесі 0,25 п.т., ақылы қызметтердің үлесі 0,14 п.т. болды.

Жалпы алғанда, еліміз бойынша **азық-түлік тауарларының** бағасы бір айда 0,7%-ға (қыркүйекте – 0,1%) өсті. Осы топтағы тауарлар бағасының ең жоғары өсімі Шығыс Қазақстан облысында (1,2%), Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарында (1,1%-дан) қалыптасты.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар қазанда 1,0%-ға (қыркүйекте – 0,6%) қымбаттады. Елде дизель отыны бағасы қыркүйекке (3,8%) қарағанда әлдеқайда жоғары қарқынмен (16,6%) өсті. Ақмола (25,9%-ға) және Павлодар (24,9%-ға) облыстарында ең жоғары мән қалыптасып, Қызылорда облысында (11,6%-ға) төмендеу болды.

Ақылы қызметтер қазанда 0,5%-ға (қыркүйекте – 0,7%) өсті. ТҮК қызметтерінің ішінде электр қуатының 1,1%-ға қымбаттағанын атап өтуге болады.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1685>